



БҰЙРЫҚ
26 қазан 2021ж

Алматы қаласы

ПРИКАЗ
№ *04-04/321*

город Алматы

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына азаматтардың жеке қабылдаудың ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 11-бабына, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жарғысының 113-тармағының 17) тармақшасына және 2021 жылғы 14 қазандағы Басқарма мүшелері отырысының №12 хаттамалық шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына азаматтардың жеке қабылдаудың ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма Төрағасы-Ректор



Д. Билялов
Д. Билялов


**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамында
азаматтардың жеке қабылдауын ұйымдастыру жөніндегі
Нұсқаулық**

Көшір месі	Код	Басылым	Әзірленді	Келісілді	Келісілді
	ҚазҰПУ Н	Бірінші	Е. Баймұхамбетов 	М.Бектемесов 	Е. Бөрібаев
				К.Исакова 	Ш.Нұрланов
				А. Құлсариева 	Г. Зулкарнай

Алматы қ., 2021

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ	Күні: 26.10.2021	Басылым: бірінші
	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ-да азаматтардың жеке қабылдаудың ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық	ҚазҰПУ Н	Беті 2-5

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында азаматтардың жеке қабылдаудың ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Университет) Басқарма Төрағасы-Ректорының және проректорларының азаматтардың жеке қабылдаудың ұйымдастыру қағидаларын айқындайды.

1.2. Басқарма Төрағасы-Ректордың және проректорлардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтарды жеке қабылдау Қазақстан Республикасы азаматтарының өтініш беруге конституциялық құқығын іске асыру және өзекті мәселелерді жедел шешу, өтінішті жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) немесе ауызша нысанда, сондай - ақ бейнеконференц байланыс, бейне өтініш нысанында, өтінішті немесе шағымды (бұдан әрі - өтініш) сапалы және уақтылы қарау мақсатында жүргізіледі.

1.3. Шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды жеке қабылдаудың ұйымдастыруды Халықаралық ынтымақтастық департаменті жүзеге асырады.

1.4. Азаматтарды қабылдауды Басқарма Төрағасы-Ректор немесе оның тапсырмасы бойынша өтініштердің мазмұнын ескере отырып, проректорлардың бірі жүргізеді.

1.5. Азаматтарды жеке қабылдау Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13 мекен-жайы бойынша жүргізіледі.


1.6. Азаматтарды қабылдау орны және қабылдау үшін белгіленген күндер мен уақыты туралы ақпарат университеттің ресми сайтында жарияланады.

1.7. Басқарма Төрағасы-Ректордың жеке қабылдауына алдын ала жазылу арқылы кіруге болады. Байланыс телефоны: 8 (727) 291-63-39.

1.8. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінде азаматтардың өтініштерін қарау, олар бойынша қажетті құжаттарды дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жауапкершілігі олардың басшыларына жүктеледі.

1.9. Өтініштерді қарау кезінде азаматтың жеке өміріне қатысты мәліметтерді оның келісімінсіз жария етуге жол берілмейді. Өтініште қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін өтініштерді мемлекеттік органға, жергілікті өзін-өзі басқару органына немесе лауазымды адамға жіберу өтініштерде қамтылған мәліметтерді жария ету болып табылмайды.

2. ҚАБЫЛДАУҒА АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ	Күні: 26.10.2021	Басылым: бірінші
	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ-да азаматтардың жеке қабылдаудың ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық	ҚазҰПУ Н	Беті 2-5

2.1. Жеке өтініш берген азаматтарды қабылдауға алдын ала жазуды Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе проректордың хатшылары жүзеге асырады.

2.2. Азаматтардың қабылдау туралы өтініштері келесі талаптар сақталған жағдайда қарастырылады:

- 1) азаматтың жеке қабылдау туралы өтініші жасырын болмауы тиіс;
- 2) азаматты қызықтырған мәселе университеттің құзыретіне жатуы тиіс;
- 3) өтініште азаматтың жеке қабылдауда қозғайтын мәселелері көрсетілуі тиіс;
- 4) қажет болған жағдайда азаматтың мәселесі (ауызша немесе жазбаша нысанда тұжырымдалған) мәселенің мәнін негіздейтін қажетті құжаттармен расталуға тиіс;
- 5) өтініш беруші ұсынған материалдарда басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын, іскерлік беделге нұқсан келтіруге бағытталған сөздер болмауға тиіс.

3. АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

3.1. Азаматтарды жеке қабылдау алдын ала жазылу бойынша кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

3.2. Қабылдауға жазылған азамат ресми мекеме берген өзінің жеке басын куәландыратын, өтініш берушінің жеке басын және азаматтығын анықтауға мүмкіндік беретін фотосуреті бар құжатты көрсетуге міндетті.

3.3. Мәселелерді талқылауға 15 минут беріледі. Басқарма Төрағасы-Ректордың шешімі бойынша жеке қабылдау жалғасуы мүмкін, бұл туралы Басқарма Төрағасы-Ректордың/проректордың хатшысына хабарланады.


3.4. Егер азаматтың жеке қабылдауы Басқарма Төрағасының-Ректордың/проректордың шешімі бойынша ұзартылатын болса, хатшы бұл ақпаратты жедел түрде жеке қабылдауға жазылған және қатысып отырған азаматтарға жеткізеді.

3.5. Басқарма Төрағасы-Ректоры/проректоры университеттің тиісті лауазымды тұлғаларын азаматпен жеке қабылдауына шақыра алады.


3.6. Қабылдау басталғанға дейін екі сағат бұрын Басқарма Төрағасы-Ректордың/проректордың хатшысы Басқарма Төрағасы-Ректорға/проректорға әрбір өтініш бойынша оларды шешу тәртібі туралы ұсыныстары бар құжаттар топтамасын береді.

3.7. Мас күйіндегі адамдар қабылдауға жіберілмейді.

3.8. Азамат өзін дөрекі ұстанып, қоғамдық тәртіпті бұзатын, айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін, қабылдауға қатысқан лауазымды тұлғаларға тіл тигізетін әрекетке барған жағдайда,

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ	Күні: 26.10.2021	Басылым: бірінші
	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ-да азаматтардың жеке қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық	ҚазҰПУ Н	Беті 2-5

қабылдау тоқтатылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда университеттің күзет қызметінің қызметкері шақыртылады.

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ	Күні: 26.10.2021	Басылым: бірінші
	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ-да азаматтардың жеке қабылдаудың ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық	ҚазҰПУ Н	Беті 2-5

УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОР Д.БИЛЯЛОВ

(Алдын ала жазылу - міндетті)

Қабылдау: + 7 727 291-63-39

АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР М.А. БЕКТЕМЕСОВ

(қабылдау күні-әр сейсенбі және жұма күндері сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін)

Қабылдау: + 7 727 293-81-53

СТРАТЕГИЯ, ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР А.Т. ҚҰЛСАРИЕВА

(қабылдау күні-әр бейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін)

Приемная: +7 727 291-77-32

ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР Е.Ә.БӨРІБАЕВ

(қабылдау күні-әр жұма сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін)

Қабылдау: + 7 727 291-79-79

ӘКІМШІЛІК-ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР К.Т. ИСАҚОВА

(қабылдау күні-әр сейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін)

Қабылдау: +7 727 293 80 43

ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР Ш.Н. НҰРЛАНОВ

(қабылдау күні-әр жұма сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін)

Қабылдау: + 7 727 293-81-85